Қазығұрт ауданы
Жаңабазар ауыл округі
«Б а л д ы р ғ а н»
бөбекжай-балабақшасы

# «Балдырған сұлтаны»

*«Қарлығаш» мектепке дейінгі ересектер тобы*



Тәрбиешілер: Жумагулова Ф.
Имадуллаева А.
Ән жетекшісі: Ештаева С.

Scanned by TapScanner

# «Балдырған» сұлтаны.

**Мақаты:** Тәрбиеленушілердің ұлтық салт-дәстүр негізінде білімин кеңейту. Адамгершілікке, ұлт жандылыкқа имандылыкқа тәрбиелеу.

Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар!!!
Асыл тастан, өнер жастан шығады деп дарынды,
Халық айтса, халык сөзі, әрқашанда нанымды.

Сол өнердің жолын куған «Балдырған» сұлтаны сайысына қатысатын жігіттердің жолы ақ болсын, жүлделі орынға ие болсын деп сайысымызды ашык деп жариялаймыз.

**Жүргізуші:** Қазакта отбасының жалғасы, шаңырақтың иесі ұл бала болып есептелген. Халқымыз ұл бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Ер баланы адамгершілікке, батылдыкқа, ептілікке, имандылыққа баулыған.
Бүгінгі білім мен ғылым дамыған заманда жігіттеріміздің үлкен белес асулардан көрінуі елге әкелген бақытпен тең. Олай болса жігіттеріміздің батырлығын, ептілігін, білімдерін, ақылдығын тамашалайық.

**Жүргізуші:** Ата жолын жалғамақ,
Ел дәстүрін қолдамақ,
Ел намысын қорғамақ,
Жігіттер шықты ортаға,
Бүгін сұлтан атанбақ.

Құрметті көрермен қауым қол соғып, қошеметпен жігіттерді ортаға шақырайық.

1. ........................................................
2. ........................................................
3. ........................................................
4. ........................................................
5. ........................................................
6. ........................................................
7. ........................................................
8. ........................................................
9. ........................................................
10. ........................................................
11. ........................................................
12. ........................................................
13. ........................................................

Scanned by TapScanner

**Жүргізуші:** Сайыс шартарымен таныстырып өтейік:

1. «Тегін білу тектілік»
   сұлтандарымыз өзін-өзі таныстырады.
2. «Жігітке жеті өнерде аз»- сұлтандарымыз өз өнерін
   көрсетеді. (ертегі, әңгіме, мысалдардан көрініс)
3. «Қол күрес» жігітеріміздің күштілігін, ерік жігерін,
   батылдығын, ептілігін көрсетеді

**Жүргізуші:** Келді міне, бүгінгі сын алуға,
Сын алып үлкендерден үлгі алуға.
Салты бар өнерлі осы ортада,
Берер деп әділ қазы әділ баға,- дегендей
әділ-қазыларымызбен таныстырамыз.

**Жүргізуші:** Жігіттер келіп жетті танысуға
Бойындағы бар дарынды дамытуға.
Қорықпастан сахнаға келіп жетті,
Әдеппен сіздерменен танысуға.

**Тәрбиеші:** 1. Қыздарды сыйлай білетін,
Жөн сөзді айта жүретін.
Достықка адал ұлымыз
Сауранды........................ шақырамыз ортаға.

**Тәрбиеші:** 2. Бойында оты бар,
Жүрегінде шоғы бар.
........................... ортаға шақырамыз.

**Тәрбиеші:** 3. Салт-дәстүрін бабалардың
Сақтап биік самғайды.
Ата, әке, ағалардың,
Нұрлы жолын жалғайды
Нұрзалы........................ шақырамыз.

**Тәрбиеші:** 4. Жүрегі ақ, тілегі пәк,
[illegible].........................атты жігітімізді
Шақырамыз ортаға.

**Тәрбиеші:** 5. Сөз тауып күн қылатын көңіл күйді,
Тобымызда өнерімен болған сыйлы
Шақырамыз ортаға [illegible]...............................

Scanned by TapScanner

Тәрбиеші: 6. Жақсы адам кімге болсын болар пана,
Мол оның тал бойында ақыл сана.
Деп ...................... шақырамыз ортаға.

Тәрбиеші: 7. Қырандай алғыр,
Сұңқардай өр мінез
......................... ортаға шақырамыз.

Тәрбиеші: 8. Кем қалмаған талантпенен табысқан,
Тауды бұзар шын кіріссе намыстан.
Шақырамыз ортаға ..............................

Тәрбиеші: 9. Біледі ол жақсы менен жаманды,
Өнерменен тамсандырған адамды.
Шақырамыз ортаға ...............................

Тәрбиеші: 10. Қорықпайтын дауылдан,
Қорықпайтын ауырдан,
Өжет,өткір болсын деп,
Атасы атын қойған
...................... шақырамыз.

Тәрбиеші: 11. Өнерге жастайынан жақын туған,
Қазақтың дарынының жолын қуған,
.........................................шақырайық.

Тәрбиеші: 12. Еңбек сүйгіш, таудай талап бойында,
Барлық істі тыңдау бар ойында
Шақырамыз ....................... ортаға.

!

Тәрбиеші: 13. Үлкендерді сыйлайтын,
Айтқаныңнан шықпайтын,
..............................ортаға шақырамыз.

Жүргізуші: Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,
Би билеп ал біреуі ән салыпты.
«Жігітке жеті өнер де аз» сайысында,
Қол соғып барша халқым тамсаныпты.

демекші, енді жігіттеріміздің өнерін тамашалайық.

Жүргізуші: Келесі кезеңде «Қол күрес»
жігітеріміздің күштілігін жігерін, батылдығын байқаңыздар

Scanned by TapScanner

**Жүргізуші:** Бүгін міне, оң болып әр сөзіміз,
Жоғары болсын күш – жігер намысымыз.
Осылайша қуанышпен думандатып,
Аякталды халайык сайысымыз.

**Жүргізуші:** Достарым, түсініңдер сөздің наркын,
Әр кезде бола берсін жүздер жаркын.
Мәңгілік жоғарылап жұлдыздарын,
Бакытка бөлеңдерші казақ халкын.

**Жүргізуші:** Бойларыңда от бар екен байқадык,
Жүректерде шоқ бар екен байқадык.
Әркашанда осы шокты өшірмей,
Жалындатып шарықтаңдар әрдайым.

«Токсан ауыз сөздің тобыктай түйіні бар»,
«Жүйріктен жүйрік озар жарысканда»- демекші бүгінгі сайысымыздың жеңімпаздарын анықтау үшін сөз кезегі әділказылар алкасына береміз.

«Балғын сұлтан» сайысын өткізуге атсалыскан әділ қазылар алкасына, өз өнерін көрсеткен бүлдіршіндерге, ата-аналарымызға алғысымызды білдіреміз. Өнерлі ұлдарымыздың өнері бұдан әрі де гүлденіп, өркендей берсін!

**«Дос болайық бәріміз» Хор.**

04.02.19г.



Scanned by TapScanner



Scanned by TapScanner



Scanned by TapScanner